

М.М. Сатинбекова^{1*}, Ф.Т. Жумажанова², Г.Д. Абиханова³

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Email: ¹meruyertina@gmail.com, ²Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz,

³gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: ¹0000-0001-8636-3942, ²0000-0002-6736-8358, ³0009-0000-5079-6842

ҚАЗАҚ АЙТЫСТАРЫНДАҒЫ ЖЕР МЕН КӨК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МИФТІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Айтыс – халқымыздың рухани-мәдени мұрасындағы ерекше құбылыс ретінде тек суырып салмалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі дүниетаным мен философиялық пайымды танытатын көркемдік форма болып табылады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында жер мен көк ғаламдық екі басты кеңістік ретінде қабылданған. Жер ұғымы қазақ мифологиясында аналық бастау, құнарлылық, молшылық және тұрақтылықтың символы ретінде бейнеленсе, көк – рухани кемелдік, тазалық және тәңірлік күштің символдық бейнесі болып саналады. Зерттеу барысында қазақ айтыс өнеріндегі жер мен көк ұғымдарының көрінісі нақты мысалдармен талданып, олардың мифтік-символикалық мағынасы айқындалды. Сондай-ақ, айтыстарда жиі кездесетін мифтік бейнелер мен ғарыштық символдар арқылы қазақ халқының ғаламды тану модельдері мен этикалық-эстетикалық бағдарларының көрінісі қарастырылады. Айтыс ақындарының шығармаларындағы символикалық бейнелер қазақ халқының этномәдени санасын сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі маңызы айрықша атап көрсетіледі. Мақалада «көк тәңірі», «жер ана», «көк өгіз» тәрізді бейнелердің символикалық сипаты мен олардың көркемдік қызметі ғылыми тұрғыдан сипатталып, айтыс өнеріндегі ғаламдық құрылымның көркем репрезентациясы кешенді түрде зерделенеді. Осылайша, қазақ айтыстарындағы мифтің символикалық мағынасын зерттеу арқылы халықтың дәстүрлі дүниетанымдық негіздері мен философиялық көзқарастарының терең қабаттары ашылады. Зерттеу арқылы айтыс өнерінің ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды насихаттаудағы өзектілігі айқындала түседі.

Кілт сөздер: айтыс, жер, көк, мифология, фольклор.

М.М. Сатинбекова^{1*}, Ф.Т. Жумажанова², Г.Д. Абиханова³

¹Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

Email: ¹meruyertina@gmail.com, ²Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz,

³gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: ¹0000-0001-8636-3942, ²0000-0002-6736-8358, ³0009-0000-5079-6842

МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЙ ЗЕМЛИ И НЕБА В КАЗАХСКОМ АЙТЫСЕ

Аннотация. Айтыс – это особое явление в духовно-культурном наследии нашего народа, представляющее собой не только проявление импровизационного мастерства, но и художественную

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

М.М. Сатинбекова Ф.Т. Жумажанова, Г.Д. Абиханова. Қазақ айтыстарындағы жер мен көк ұғымдарының мифтік негіздері // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 171-183. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-11>.

форму, отражающую традиционное мировоззрение и философское осмысление действительности. В традиционном мировоззрении казахов земля и небо считаются двумя основными космическими пространствами. Земля в казахской мифологии является символом материнства, плодородия, изобилия и стабильности, а небо – символическим образом духовного совершенства, чистоты и божественной силы. В ходе исследования на конкретных примерах проанализирована репрезентация концептов земли и неба в казахском искусстве айтыса, выявлено их мифическое и символическое значение. В статье рассматривается отражение моделей познания Вселенной и этико-эстетических ориентаций казахского народа через мифические образы, также и космические символы, часто встречающиеся в айтысе. Подчеркивается значение символических образов в творчестве поэтов айтыса в сохранении этнокультурного сознания казахского народа и передаче его из поколения в поколение. В статье научно обосновывается символическая природа и художественная функция таких образов, как «небесный бог», «мать-земля», «голубой бык», а также комплексно изучается художественное отображение мировой структуры в искусстве айтыса. Таким образом, посредством изучения символического смысла мифа в казахских айтысах раскрываются глубинные пласты традиционного мировоззрения и философские взгляды нашего народа. Данное исследование позволит выявить значимость искусства айтыса в пропаганде национальной культуры и духовных ценностей.

Ключевые слова: айтыс, земля, небо, мифология, фольклор.

M.M. Satinbekova^{1*}, F.T. Zhumazhanova², G.D. Abikhanova³

¹Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

²al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

Email: ¹meruyertina@gmail.com, ²Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz,

³gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: ¹0000-0001-8636-3942, ²0000-0002-6736-8358, ³0000-0000-5079-6842

MYTHOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE CONCEPTS OF EARTH AND SKY IN KAZAKH AITYS

Abstract. Aitys is a unique phenomenon in the spiritual and cultural heritage of the Kazakh people an art form that reflects not only poetic and improvisational mastery but also traditional worldviews and philosophical beliefs. In Kazakh traditional cosmology, the earth and sky are perceived as the two primary cosmic realms. The earth is associated with motherhood, fertility, abundance, and stability, while the sky symbolizes spiritual perfection, purity, and divine power. This study analyzes specific examples of how the concepts of earth and sky are represented in the Kazakh art of aitys, uncovering their mythological and symbolic meanings. The article explores how models of understanding the universe and the Kazakh people's ethical-aesthetic orientations are expressed through mythological images and cosmic symbols commonly found in aitys. It emphasizes the importance of symbolic imagery in preserving the ethno-cultural consciousness of the Kazakh people and transmitting it from generation to generation. The symbolic nature and artistic function of such images as the "sky god," "mother earth," and the "blue bull" are scientifically substantiated. Furthermore, the article offers a comprehensive examination of the poetic representation of the world structure within the art of aitys. Through analyzing the symbolic meanings of myths in Kazakh aitys, this research reveals deep layers of traditional worldviews and the philosophical perspectives of the Kazakh people. The study contributes to understanding the role of aitys in promoting national culture and spiritual values.

Keywords: Aitys, earth, sky, mythology, folklore.

1. Кіріспе

Айтыс – қазақ халқының ертеден қалыптасқан ауыз әдебиетіндегі суырыпсалма поэзия жанры, қос акынның жарыса өлең шығаруы арқылы сөз сайысына түсетін өнер түрі. Айтыстың халықтың көзі, тілі ретінде бағалануы оның ұлт руханиятындағы

айрықша орнын көрсетеді. Айтыс жанрының ежелгі үлгілері тұрмыс-салт жырларынан басталып, кейін ақындар айтысына ұласқандықтан, онда мифологияның да, эпостың да, драманың да элементтері ұштасып жатады. Зерттеушілер айтыс өнерінің шығу тегі көне дәуірлерге барып тірелетінін айтады. Көркем өнер түрлері әлі бөлінбеген есте жоқ ескі замандарда бәдік айтыс, жануарлар айтысы, өлі мен тірінің айтысы секілді көне түрлерде адамның табиғатпен қарым-қатынасы, дүниетанымдық түсінігі айқын көрініс тапқан. XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап айтыс өнері тек ауызша поэзияның түрі ғана емес, сонымен бірге маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ғылыми тұрғыдан зерделене бастады. Бұл бағыттағы алғашқы тұжырымдар А. Байтұрсынұлының (1989), Х.Досмұхамедұлының (1991) еңбектерінде көрінді. Бұл еңбектерде айтыстың халықтық рухты танытушы, ұлттық болмыстың жаршысы ретіндегі маңыздылығы айқындалған. Кейін бұл идеялар М.Әуезовтің (2014), С.Мұқановтың (1965) зерттеулерінде жан-жақты жалғасын тапты. Аталған еңбектерде айтыс – әлеуметтік тартыс пен идеялық күрестің көрінісі, халық даналығы мен сыншылдық қуатын танытатын жанр ретінде танылды. Сонымен қатар, айтыс тек саяси-әлеуметтік шындықты ғана емес, архаикалық мифтер мен мифологиялық сананың көріністерін де сақтап қалған, поэтикалық синкретизмнің ерекше формасы ретінде бағалауға негіз бар. Ақындар арасындағы поэтикалық тартыс, кейде мифтік символикамен астасып, халықтық танымды бейнелі түрде жеткізеді. Демек, айтыс тек эстетикалық өнер емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымдық жүйесін, наным-сенімдерін поэтикалық формада бейнелейтін құрал болған. Айтыстың осындай терең қабаттарының бірі – қазақтың ғалам, жер мен көк туралы түсініктері, яғни жер-көк дихотомиясының көркем бейнесі екені белгілі. Бұл дихотомия әлемнің құрылымы туралы ежелгі мифтік түсініктерден бастап, халықтың символдық семантикасына дейінгі сан түрлі қырынан көрінеді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі айтысқа арналған соңғы зерттеулерге шолу жасар болсақ, Э.-М.Дюбюиссон (2010, 2017), М.Саудбаев, Б.Байымбетов, Б.Кәріпов (2014), Л.Ю.Уракова (2025), А.Ерланова (2025), К.Жалғасбаева (2024), Г.Тілеубердина (2024), Ж.К.Қожабекова, М.М.Сабитбекова, Ш.Утарғалиева (2025) мақалалары айтыстың негізінен тарихи-типологиялық, поэтикалық және әлеуметтік-сыни тұрғыдан талданғанын көрсетеді. Бұл зерттеулерде айтыс мәтіндерінің көркемдік жүйесі, құрылымдық ерекшеліктері мен қоғамдық қызметі кеңінен қарастырылғанымен, ондағы дүниетанымдық қабаттар, соның ішінде жер мен көк ұғымдарының мифтік негіздері арнайы нысан ретінде жүйелі түрде зерттеле бермеген. Атап айтқанда, XIX ғасырдағы классикалық айтыс пен кеңестік кезеңдегі айтыс ұлттық сана мен қоғамдық оймен байланыста талданғанымен, олардың астарындағы мифологиялық дүниетаным, әсіресе жер мен көк бинарлық жүйесі жеткілікті деңгейде ашылмаған. Соның нәтижесінде айтыстарда көрініс табатын жер мен көк ұғымдарының мифтік мазмұны ғылыми тұрғыдан әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – айтыс поэзиясындағы «жер» мен «көк» ұғымдарының мифтік-символикалық мәнін талдап, олардың дәстүрлі дүниетанымдағы орнын ашу. Мақалада қазақ мифологиясындағы жер мен көк образы, олардың символдық мағынасы мен семантикасы қарастырылады; сондай-ақ айтыс өнеріндегі көркемдік

құралдар арқылы жер мен көк дихотомиясының қалай көрініс табатыны талданады. Зерттеудің жаңалығы – айтыс мәтіндеріндегі жер мен көк ұғымдарының тек мифологиялық емес, сонымен қатар поэтикалық-функционалдық қызметі кешенді түрде қарастырылып, олардың көркемдік жүйедегі рөлі айқындалады. Сонымен бірге жер мен көк дихотомиясының айтыстағы көрінісі алғаш рет жүйелі түрде талданып отыр. Зерттеу нәтижесінде айтыс өнерінде жер мен көк образы жай ұғымдар емес, бүкіл ғарыштық жүйені, мифтік, философиялық тұжырымдарды арқалаған символдар екені айқындалады.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1. Зерттеу әдістері

Айтыс өлеңдеріндегі жер мен көк ұғымдарының мифтік негіздерін зерделеу үшін тарихи-салыстырмалы әдіс және жүйелік талдау тәсілдері үйлесімді пайдаланылды. Мифологиялық мазмұнды айқындау мақсатында символдық интерпретация және кешенді филологиялық талдау әдістері де негізге алынды. Осы әдістерді қолдану зерттеу нысаны болып отырған образдардың мәнін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

2.2. Материалға сипаттама

Зерттеу материалы ретінде айтыс жанрының таңдаулы мәтіндері алынды. Қазақтың классикалық айтыстарынан бастап түрлі ақындар айтыстарындағы жер мен көкке қатысты жолдар, мифологиялық сипаттағы тұрақты образдар кездесетін үзінділер жинақталды. Атап айтқанда, Айтыс. I-том. (1964), Балқы Базар Оңдасұлы. Құланаян Құлмамбет. Марабай Құлжабайұлы (2014) жинақтарындағы қыз Болық пен Елентай, Нұрым мен Қашаған ақындардың айтыстарында жиі кездесетін жер мен көк ұғымдарына байланысты шумақтар талдау нысаны болды. Сонымен қатар жер мен көкке қатысты тұрақты образдар, космогониялық түсініктер мен символикалық құрылымдар іріктеліп талданды. Осы материалдар негізінде жер мен көк бейнелерінің айтыстағы көріністері сарапталды. Зерттеуде М.Әуезов, А.Байтұрсынұлы, шетелдік фольклортанушылардан Е.Чапраз, т.б. еңбектері мен О.Жанайдаров, А.Тойшанұлының мифологиялық зерттеулері пайдаланылды.

3. Талқылануы

3.1. Жер мен көк ұғымдарының мифтік негіздері

Ежелгі түркі дәуірінен жеткен түсініктер бойынша, әлем үш қабаттан тұрады: жоғарғы әлем – көк аспан, ортаңғы әлем – жер беті, төменгі әлем – жер асты. Орхон жазбаларындағы «Үстінде көк Тәңір, астында қара Жер жаратылғанда...» деген жолдарда жер мен көк арасындағы адам әлемі туралы түсінік түркі мифологиясының негізін көрсетеді. Түркі халықтарының төл мифінде Жаратушы алғашқыда жер мен көкті бөліп жаратып, оларды уақыт бастауында орнықтырған деген сюжеттер бар. Мысалы, көне түркілік космогониялық аңыздардың бірінде әлем әуелде тұтас жұмыр тас түрінде болғаны, Жаратушы сол тасты қақ бөліп, оның жартысынан Көк аспанды, жартысынан Қара жерді жаратқаны айтылады (Жанайдаров, 2006: 45). Алғашында кішкентай болған жер мен көк біртіндеп кеңейіп, көк жоғары көтеріліп, жер төменге түскен кезде Жаратушы жерді көк өгіздің мүйізіне орналастырады. Жердің салмағы ауып кетпес үшін Тәңірі жер бетіне тауларды қазық қылып қағып,

жерді теңестірген екен. Осылайша жер мен көк ажыратылып, толыққанды әлем пайда болған соң, қараңғы ғарышқа жарық беру үшін Жаратушы көк пен жердің қос перзенті – күн мен айды жаратады. Күн ер бала образына, ай сұлу қыз образына теңеліп, олар алма-кезек күндіз бен түнді алмастырып, жер мен көкті нұрға бөлеп тұрады (Жанайдаров, 2006: 45). Қазақ халқының дәстүрлі мифологиялық танымында жер мен көк – бүкіл ғалам құрылымының бастапқы қос негізі. Сондай-ақ жер мен көк көбіне әйелдік пен еркектіктің бастауы ретінде сипатталатыны да көрінеді. Мысалы, күн – күйеу, жер – қалыңдық образы ретінде жұпталады. Халық санасында жер – тіршілік бесігі, барлық тірі жанды бауырына басып, асыраушы жер-ана ретінде қастерленген, ал аспанның күн-құдайы, көк тәңірі – жарылқаушы әке кейпінде қабылданған. Түркілік поэтикалық танымда жер – әрі өмір, әрі өлім символы. «Жер – бір жағынан өмірдің қайнар көзі, екінші жағынан ажалдың мекені. Бұл дуализм Ұмай мен Ерлік бейнелері арқылы да көрініс табады: бірі өмір берсе, бірі өлімді білдіреді.» (Ақсам, Көсе, 2022: 395).

Қазақ мифтік поэзиясында да күн мен жерді күйеу мен қалыңдық сипатында көрсету кездеседі: “Күн – аспандағы ғашық жары, Жер – оны аңсап күткен қалыңдық” деген секілді бейнелеулер бар. Мұнда жердің әйелдік болмысы отбасы, ана мен бала қамқоршысы ретінде көрінсе, күн аспандағы мәңгілік жарықтың, тұрақтылықтың символы болып суреттеледі (Пангереева, 2010). Бұл мифтік гендерлік дихотомия да жер мен көк ұғымдарының бірлі-жарым емес, тұтас символдық жүйенің бөлігі екенін аңғартады. Қазақ космогониялық мифтерінде жиі кездесетін мотив – жерді көтеріп тұрған алып мақұлық туралы миф. Жерді Тәңірі киелі көк өгіздің мүйізіне орналастырған деген наным кең тараған. Осы мифке сүйенген халық сенімінде жер сілкінесе, «өгіз мүйізін ауыстырды» немесе «өгіз тұратын жерінен қозғалды» деп түсіндірілген. Кейбір нұсқаларда көк өгіз бен алып балық туралы да айтылады (өгізді балық көтеріп тұр деген сияқты), бірақ қазақ арасында негізгі вариант – жерді мүйізімен көтерген көк өгіз. Бұл мотив тек түркілік емес, жалпы көшпелі Азия халықтарының мифологиясында кездесетін космогониялық түсінік. Дегенмен қазақ танымында ол ерекше киелі мәнге ие: «көк өгіз» жер мен көктің ара қатынасының тұрақтылығын бейнелейтін, Тәңірінің жарлығы бойынша жаратылған тірек ретінде көрінеді (Әділбаева, 2019).

Жалпы, қазақ фольклоры мен мифінде жер мен аспанды жаратылыстың ең бастапқы тіректері санаған. «Жер мен көк жаралмай тұрғанда...» деп басталатын мифтік баяндауларда бүкіл әлем қараңғы тұңғиық, шетсіз-шексіз мұхит суы болғаны, тек Жаратушының құдіретімен жер мен көктің жаратылуынан кейін ғаламдық тәртіп орнағаны айтылады. Бұл түсінік бойынша, жер мен көк – өмір мен жарықтың, тіршілік атаулының негізі, олардың бөлінуі мен қосылуы ғарыштық тепе-теңдікті анықтайды.

3.2. Айтыстағы жер мен көк дихотомиясының поэтикалық көрінісі

Айтыс өнерінің туып қалыптасуында ежелгі наным-сенімдер мен жоралғылардың әсері мол болғаны белгілі. Расында, айтыстың кейбір көне үлгілерінде (бәдік айтысы, өлі-тірі айтысы, қыз бен жігіт айтысы) шартты түрде екі қарама-қарсы тараптың диалогы жүретіні – символикалық деңгейде әлемдегі қарама-қарсылықтардың тартысын бейнелегендей әсер қалдырады. Зерттеуші С.Ерғали түркілік

дүниетанымдағы полярлық тараптардың бәсекелік тайталасы (жақсы мен жаман, өмір мен өлім, жарық пен түнек сияқты) алғашқыда ритуалдық сипатта болса, уақыт өте келе өнер формасына айналғанын жазады. Ғалымның айтуынша, айтыс өнерінің түп негізінде осы мифтік дуализмнің эстетикалық көрінісі – түркілік «екі жарты – бір бүтін» философиясы жатыр (Ерғали, 2024). Шынында да, айтыста екі ақын, екі жақ жарыса өнер көрсету арқылы бір мәселені түрлі қырынан қозғайды. Олардың пікірталасы мен сөз сайысы астарында жанама түрде қарсы күштердің диалогы жатыр деуге болады. Мәселен, қыз бен жігіт айтысының негізінде әйелдік пен еркектік сөз таластырып, нәтижесінде екеуі де өз өнерін мойындатумен аяқталады. Дегенмен бұл жеңу мен жеңілудің емес, бір-бірін толықтырудың белгісі. Сол сияқты айтыстың басқа түрлерінде де (рулық айтыстар, жұмбақ айтыстар, т.б.) екі жақтың тартысы арқылы шындық пен танымның тұтас картинасы жасалады. Айтыс өнеріндегі мұндай диалогтық бәсеке, бір қарағанда, Жер мен Көк сияқты қарама-қарсы стихиялардың өзара ықпалдасуын елестетеді. Бірі – жоғарыдан сөйлесе, бірі – төменнен үн қатқандай, яки бірі – көнені, бірі жаңаны білдіргендей екі ақын пікір алмасады. Бұл әсірелеу болғанымен, айтыстың формасындағы диалогизм мен дуализм принципі оны түркілік дүниетанымның көркем модельдерінің бірі етеді. Е. Чапраз түрік әдебиетіндегі айтысқа ұқсас мұназара жанрын зерттей келе, «жер мен көк туралы дастандарда жиі кездесетін «күрес» немесе «айтыс» формасы – исламға дейінгі түркі мәдениетіндегі зооморфтық бейнелерге негізделген мифтік тартыстың жалғасы іспетті. Бұл мифтік тартыстың негізінде шаманизм мен буддизм элементтері де жатыр», – дейді (Чапраз, 2018: 109). Осы орайда, айтыстың терең қабаттарында халықтың космогониялық түсініктерінің реликтілері, символдық мәдени коды жатқанын байқау қиын емес. Қазақ айтысының сан ғасырлық тарихында небір саяси-әлеуметтік өзгерістер болғанмен, ондағы дәстүрлі образдар жүйесі сақталып отырды. Сол образдардың ішінде жер мен аспанға қатысты тілдік-көркемдік бірліктер аз емес. Ақындар тыңдаушы жұртқа түсінікті болу үшін және сөздеріне күш беру мақсатында көп жағдайда жаратылыс туралы түсініктерге жүгіне отырып уәж айтады. Мысалы, айтысты бастар алдында бата-тілек ретінде немесе қарсыласын сабасына түсіру үшін Аллаға, тәңірге сиынып, жер мен көкті тілге тиек ететін дәстүр бар. Айтыс мәтіндерінде «Жерді қозғар, көкті тірер сөз айтамын» немесе «жер мен көктің иесі, жаратқан ием, жар бола гөр» деп бастап, тыңдаушысының назарын аударған. Мұндағы «жерді қозғар, көкті тірер» дегені сөз құдіретінің күшін көрсету үшін алынған гипербола, яғни айтылған сөз жер мен көкке әсер етердей қуатты дегенді аңғартады. Айтыскер осылайша Жаратушыны мойындайтынын, содан медет тілейтінін білдіреді. Бұл – исламға тән түсінік болғанымен, оның түп төркінінде ежелгі тәңірлік сенімнің қалдығы да жатқаны белгілі. Осылайша айтыстың дәстүрлі прологтарында жер мен көк ұғымдары киелі контексте ұшырасады.

Айтыстың түп қазығы – халықтың рухани-мәдени қоры екені белгілі. Ақындар өз сөзін дәйектеп, әсерлі ету үшін ата-бабадан мирас болған аңыз-әңгімелерді, тарихи оқиғаларды, мақал-мәтелдерді жиі пайдаланады. Сонымен қатар мифологиялық мотивтер де айтыс мәтіндеріне ара-тұра арқау болған. Әсіресе, XIX ғасырдағы айтыстарда діни-ағартушылық сарын күшейгені мәлім. Ақындар дінге қатысты

сауалдар, жұмбақтар беру арқылы бір-бірінің білімін сынаған. Осындайда сөз арасында әлемнің жаратылуы, алғашқы адам, жер мен көктің пайда болуы туралы танымдар көрініс табады. Мысал ретінде XIX ғасырда өткен белгілі айтыстардың бірі – Болық пен Елентайдың айтысын келтіруге болады. Бұл айтыста ақын қыз Болық өзінің қарсыласы жігітке дін мен жаратылысқа қатысты сауалдар қояды. Ол әуелі: «Әуелі не жаратты бір Құдайым?» – деп сұрақ қояды. Сонда Елентай ақын:

«Бұрынғы даналардан есітемін,

Жер мен көк жаралды елден бұрын», – деп жауап береді (Ахметов, 1964: 241).

Бұл жолдардан діни-мифологиялық түсінік байқалады. Елентай бұрын өткен даналардың сөзін негізге алып жауап бердім дейді, яғни ол халық даналығы мен аңыздарға сүйенген. Шынында да, ислам дәстүрінде де, түркілік мифологияда да Алла бірінші кезекте аспан мен жерді жаратты, содан кейін ғана адамзат пайда болды деген тұжырым бар. Болық ақын қыз бұл жауапқа қанағаттанып, келесі сұраққа көшеді:

«Дүниенің әуелінде жер жаратылса,

Қара жерді көтерген немене екен?», – деп сұрайды (Ахметов, 1964: 241).

Бұл – жоғарыда қарастырған космогониялық мифке қатысты сауал. Жер жаратылды делік, бірақ оны кеңістік ішінде не ұстап тұр? Елентай осы кезде халық аузындағы мифтік деректі келтіреді:

«Жаралған алып болып бір көк өгіз,

Тұрады мүйізімен жерді тіреп», – деп жауап береді (Ахметов, 1964: 241).

Мұнда көріп отырғанымыздай, айтыс ақыны жерді көтеріп тұрған көк өгіз мотивін жақсы білетіні аңғарылады. Ол бұл деректі бұлжытпай өлеңге қосып отыр: жерді алып көк өгіз мүйізінде ұстап тұр деп түсіндіреді. Зерттеуші Е. Чапраз «Жеті қат көк пен жерді ұстап тұрған көк өгіз, оның астында жатқан балық сынды зооморфтық символдар — көне түркі мифологиясының көрінісі. Бұл бейнелер поэтикалық тәсілдермен жеткізіліп, тыңдаушыны архаикалық таныммен байланыстырады», – дейді (Чапраз, 2018: 47). Болық сұрақты одан әрі тереңдетіп: «Қара жерді көтерген өгіз болса, көк өгізді көтерген немене екен?» – деп тағы сұрайды (Ахметов, 1964: 242). Елентай оған да мүдірместен:

«Жаратқан өзі жарлық қылған дейді,

Ешкім күмән қылмайды бұған дейді», – деп, яғни көк өгізді ешнәрсе ұстап тұрған жоқ, ол Жаратушының бұйрығымен тұр деген мағынада жауап береді (Ахметов, 1964: 242). Осы шағын үзіндіден біз айтыс ақындарының космогониялық мифтерді қаншалықты терең меңгергенін және оларды сөз сайысында ұтымды пайдаланғанын байқаймыз. Ақындар бір жағынан өз білімін көрсетіп, екіншіден тыңдаушысын қызықтырып, үшіншіден қарсыласының логикалық деңгейін сынау үшін осындай діни-мифологиялық диалог құрған. Болықтың сұрағында табиғаттың күрделі құрылымы мен ғаламның біртұтастығы айқындалады. Тәңіршілдік ұғымында дүниенің үш қабатты жүйесі – аспан, жер және жер асты әлемі – айтыс арқылы ашылып, кеңінен талқыланады.

– Көк (жоғарғы әлем): Тәңірінің мекені, сондай-ақ қасиетті рухтардың орналасқан жері.

– Жер (ортаңғы әлем): Адамзаттың өмір сүріп, табиғатпен байланыс орнататын кеңістігі.

– Жер асты (төменгі әлем): Ата-бабалардың рухтарының мекені, өлім мен өмір арасындағы шекара.

Бұл үш әлемнің өзара байланысы мен әрқайсысының өз рөлі айтыста ерекше мәнге ие. Осы үштік схема қазақтың дүниетанымында кездесетін жоғарғы әлем, орта әлем және төменгі әлемді бейнелейді. Қазақ мифіне сәйкес «жоғары аспан әлемінде ел бар, олар белдігін басына оранады, ортаңғы әлемдегі елде адамдар белдікті белге оранады, ал төменгі әлемдегі ел белдікті аяғына оранады» (Тойшанұлы, 2016: 17). Әр әлемнің өзіне тән ерекшеліктері мен рөлі бар. Қазақтардың ескі сенімі бақсылықпен байланысты бәдік айтыстарында да табиғатпен, жаратылыспен байланысты сарындар көптеп ұшырасады (Сатинбекова, 2022: 462). Бұл айтыс үлгісі айтыскерлердің шарифатқа, ислам әдебиетіне ғана емес, халықтың ежелгі сенім-нанымдарына да қанық болғанын көрсетеді. Н.Мурсалимова, Ж.Салтақова мақаласында: «Өлі мен тірінің айтысы» – қазақ ауызша поэзиясындағы көне айтыс түрі. Онда тірілер өлімен немесе өлі бейнесі арқылы тірімен сөйлеседі, мифологиялық-ғұрыптық ұғымдар, аруаққа қатысты сенімдер мен өлімнен кейінгі өмір түсінігі поэтикалық түрде көрініс табады», – деп жазады (Мурсалимова, Салтақова, 2025: 190-191). Бұл құбылыс қазақ дүниетанымындағы жер үсті мен жер асты әлемі арасындағы байланыстың фольклорлық көрінісі болып табылады. Жер мен көк, көк өгіз туралы мәселені көтеру – сол мифтік жер-көк дихотомиясының айтыс өнерінде жырлана алу мүмкіндігінің айғағы.

Қашаған мен Нұрымның айтысында дүниенің жаратылуы мен құрылымы туралы маңызды мәселелер сұрақ-жауап түрінде көтерілген. Нұрымның жауабында дүниенің жаратылуының алғашқы кезеңі меруерт таспен байланыстырылады.

«Дүниенің басы әуелі,

Меруерт тастан жаралған.

Меруерт тас еріп, су болған.

Судан түтін бу болған.

Аспан, жер содан жаралған» (Ыбырайым, 2014: 226).

Меруерт – асыл әрі бағалы тас, оның осы ерекшелігі дүниенің жаратылуының бастапқы кезеңінің таза әрі толық болуын білдіреді. Меруерт тастың еріп, суға айналуы, содан соң оның буға көшуі табиғаттағы үнемі өзгеріс пен қозғалыстың көрінісі ретінде қарастырылады. Бу кейінірек аспан мен жерге айналып, әлемнің екі негізгі бөлігін – аспан мен жерді құрайды. Бұл бейнелерді қарастырғанда, Нұрым әлемнің жаратылу процесінің өзгермелі, біртұтас және табиғи заңдылықтарға сай жүретінін көрсетеді. Меруерт пен судың арасында жүретін өтпелі кезеңдер арқылы ол дүние тұрақты емес, керісінше үнемі өзгеріп отыратынын білдіреді.

Айтыстарда жер мен аспан бейнесі тек тура мағынасында емес, сондай-ақ метафоралық және аллегориялық сипатта да көп қолданылады. Айтыс – поэтикалық тіл сайысы болғандықтан, ақындар қарсыласына әсер ету үшін астарлы сөздер мен теңеулерді жиі пайдаланады. Мәселен, қарсы ақынды қырсыз, білімсіз деп келемеждеу қажет болса, оны «қараңғы» деп сипаттайды да, өздерін «жарыққа»,

«күнге» балайды. Осы орайда аспан денелеріне, жарық пен қараңғылыққа қатысты бейнелер туындайды. Бұларда тікелей жер мен көк демесе де, сол ұғымдар негізіндегі иерархия сезіледі: аспанға баланған ақын өзін жоғары, құдіретті етіп көрсетсе, жерге теңеген сөздері арқылы қарсыласын төмен, дәрменсіз етіп бейнелейді. Әрине, бұл – айтыстың риторикалық тәсілі, көрерменге әсер ету үшін осындай гипербола, теңеулер ұтымды қолданылады. Кейде айтыскерлер жер мен көкке қатысты тұрақты тіркестерді озу, жеңу мағынасында қолданады. Мысалы, біреуі мақтана: «Мен шырқап аспанға шықсам, сені жер тартар» десе, екіншісі оған: «Аспанға ұшсаң, құзырым жетіп қуып түсірем, жерге кірсең, індетіп тауып аламын» деп жауап қайтарады. Мұнда да астарлап айтқанда, бір ақын өзін көкке теңеп, қарсыласын жерге байлап қойғысы келеді, екіншісі оған жер мен көктің қайсысында болса да мен сенен үстеммін дегенді ишаралайды. Осындай образды тартыстар айтыстың мазмұнын қыздырып, көркемдігін арттырады.

Жалпы, айтыс мәтіндеріндегі мифопоэтикалық өрнектер қазақтың көне танымын жаңғыртып отырады. Жер мен көк дихотомиясы – сол мифопоэтикалық жүйенің маңызды бір бөлігі. Ол айтыста кейде тікелей, кейде жанама, астарлы түрде көрініс тауып, шығарманың мазмұнын байыта түседі. Айтыскерлер жер мен көкті жырлағанда немесе оларға сүйенген бейнелеулерді қолданғанда, шын мәнінде халықтың санасында көптен қалыптасқан мызғымас белгілерді қайта тірілтеді. Қазақ айтыс ақындары осындай көркемдік құралдарды шебер қолдану арқылы тыңдарманның эмоциясына әсер етіп қана қоймай, оның санасына да рухани-танымдық мазмұн сіңіре білген.

4. Зерттеу нәтижесі

Талдау нәтижесінде айтыс мәтіндерінде жер мен көк образдарының көпқырлы мифтік, философиялық әрі көркемдік мәні бар екені анықталды:

– Космогониялық-модельдеуші қызметі. Жер – қазақтың дәстүрлі мифологиясындағы космогониялық түсініктермен байланысты, тіршілік кеңістігін, өмірдің негізін білдіреді. Көк – ғарыштық құрылымның жоғарғы қабатын, тәңірлік әлемді, рухани бастау көзін білдіреді. Айтыс ақындары жер мен көкті ежелгі мифтік дүниетаным аясында қарастырып, оларды бейнелеу арқылы халық санасындағы терең ұғымдарды бейнелейді. Жер мен көктің, яғни төменгі мен жоғарғы әлемнің байланысын көркем бейнелер арқылы сипаттай отырып, халық санасындағы терең философиялық ұғымдарды қайта жаңғыртқан. Ақындар бұл космогониялық түсініктерді адамның ішкі жан дүниесімен, қоғамдық мәселелермен ұштастырып, ұлттық код пен мәдени танымды келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

– Символдық бағалау қызметі. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында Жер мен Көк тек географиялық немесе физикалық кеңістік қана емес, ақындардың көркемдік қиялына қанат бітіретін ең негізгі бейнелер мен образдар жүйесі болып табылады. Жер – тұрмыстық кеңістік пен шынайы өмірдің символы ретінде қолданылса, көк – асқақтық пен руханилықтың көрсеткіші, Тәңірінің мекені ретінде ақынның өз деңгейін көтеру, мадақтау, үстемдігін білдіру үшін қолданылады. Ақындар өз ойын әсерлі жеткізу үшін өзін «көкке», «аспанға», «күнге» теңеп, рухани үстемдігін көрсетуге тырысады. Осы арқылы көк ұғымы айтыста идеалдық өлшем қызметін атқарады. Ақындар осы

қарама-қарсылықты пайдаланып, қарсыласының деңгейін бағалау, мақтау немесе сынау секілді прагматикалық міндеттерді орындайды.

– Көркемдік, образдық қызметі. Айтыс өнерінде бұл қос ұғым метафоралық, аллегориялық және символдық деңгейде көрініс тауып, шығарманың эстетикалық қуатын арттырады. Жер – мифтік мазмұнды тұспалдауда, дәстүрлі символдарды жаңғыртуда қолданылатын бейнелі құрал болса, көк – метафора, теңеу, афоризмдер арқылы поэтикалық тілдің әсерін күшейтетін көркемдік образ ретінде танылады. Мифтік мазмұнды тұспалдау, дәстүрлі символды жаңғырту арқылы айтыс өлеңдерінің идеялық салмағы мен эмоционалдық әсері күшейе түскен. Мұндай символикалық образдарды қолдану барысында ақындар өз заманының өткір әлеуметтік мәселелерін, адамгершілік пен арамдықтың, биіктік пен төмендіктің аражігін ашып көрсетеді.

– Ағартушылық, идеологиялық қызметі. Жер – дүниенің жаратылысы, табиғат, тіршілік туралы халықтық білімді жеткізудің негізі; Көк – діни-мифологиялық танымды, тәңірлік және рухани түсініктерді танытудың құралы. Мифтік-символикалық талдау нәтижесі көрсеткендей, айтыс ақындары халықтың байырғы мифологиясын еркін меңгеріп, оны шығармашылықта пайдалана білген. Олар жер мен көктің жаралуы туралы аңыздар мен нанымдарды да өлең тілінде кестелеп жеткізіп, күрделі идеяларды қарапайым жұртқа ұғымды түрде түсіндіре алған. Мысалы, қыз Болық пен Елентай айтысындағы жер мен көк, көк өгіз туралы сауалдар – айтыстың ағартушылық қызметін де танытады. Халыққа Құраннан немесе аңыздан мәлім білімді өнер түрінде ұсынған. Сол арқылы айтыс көпшілікке тек көңіл көтеретін қызық емес, рухани білім сыйлайтын, дүниенің мәнін ұқтыратын құрал болды. Бұл – айтыстың қазақ қоғамындағы идеологиялық қызметінің бір қыры.

– Тілдік, бейнелеушілік қызметі. Жер – «жер ана», «қара жер», «жер жүзі», «жерұйық» сияқты тіркестер арқылы халықтық дүниетанымды бейнелейді; Көк – «көк тәңірі», «көк аспан», «көк жүзі», «көкжиек», «аспан әлемі» сияқты тіркестер арқылы поэтикалық мазмұнды тереңдетеді. Айтыстағы көркемдік құралдар құрамында жер мен көкке қатысты теңеу, метафора, афоризмдер мол екені анықталды. Бұлар жай риторикалық фигура емес, астарында терең ұлттық мән бар образдар.

Осылайша, айтыс мәтіндеріндегі жер мен көк ұғымдары тек мифтік түсініктердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар көркемдік, философиялық, танымдық және идеологиялық қызметтерді қатар атқаратын күрделі символдық жүйе болып табылады. Ақындар осы символизмді қолдана отырып, тыңдаушының танымдық көкжиегін кеңейтеді және оларды тек сөз сайысының куәгері емес, терең мағыналық кеңістіктің қатысушысы деңгейіне көтереді. Жер мен көк дихотомиясы айтыс өнерін ойын-сауық деңгейінен шығарып, оны халықтың ғасырлар бойғы даналығы мен дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайтын мәдени-генетикалық кодқа айналдырады.

5. Қорытынды

Жер және көк ұғымдары – қазақ халқының мыңжылдықтар бойы қалыптасқан мәдени кодтарының, символдық мәндерінің өзегін құрайтын іргелі категориялар. Айтыс поэзиясында бұл ұғымдар тек жаратылыс туралы мифтік түсініктердің көрінісі ретінде ғана емес, сонымен қатар көркемдік, философиялық және символдық жүйе

ретінде кешенді түрде көрінеді. Жер мен көк дихотомиясы айтыста бірде ғаламның жаратылысын түсіндіретін діни-танымдық модель, бірде поэтикалық бейне мен теңеу, бірде құрылымдық-композициялық тәсіл ретінде қызмет атқарып (танымдық, бағалау, көркемдік және философиялық) тыңдарманға әсер етудің маңызды құралына айналады. Осы арқылы айтыс ақындары халықтың дәстүрлі дүниетанымын, мифтік санасын және философиялық көзқарастарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Сонымен бірге, жер мен көк ұғымдары қазіргі айтыс өнерінде де өзектілігін жоғалтпай, ұлттық поэтикалық дәстүрдің жалғастығын қамтамасыз етіп отыр.

Алдағы уақытта айтыс поэзиясындағы мифтік-символикалық жүйені тереңдете зерттеу, соның ішінде бәйтерек образы, от пен су символикасы, төрт түлік тотемикасы сияқты элементтерді қарастыру қазақтың дәстүрлі дүниетанымын кешенді түрде тануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Ақчам Х., Көсе С. Мифологиялық ана ұғымы аясындағы жер // Motif Akademi халықтану журналы. – 2022. – №15(38). – 389-396-бб. <https://doi.org/10.12981/mahder.1099923>
2. Ахметов Ш., Ысқақов Б. Айтыс. 1-том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 312 б.
3. Әділбаева Ш. Қазақ айтысындағы аят пен хадистер // Islam.kz. – <https://islam.kz> (қаралған күні: 25.03.2025).
4. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 41-том: Мақалалар, зерттеулер (1952–1961). – Алматы: Дәуір; Жібек жолы, 2014. – 288 б.
5. Әуезов М. Совет ақындарының айтысы // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 41-том: Мақалалар, зерттеулер (1952–1961). – Алматы: Дәуір; Жібек жолы, 2014. – 288 б.
6. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
8. Дюбуиссон Ева-Мари. Қазақ айтыс поэзиясындағы ұлт ішіндегі және ұлт арқылы жүзеге асатын тартыс // Тілдік антропология журналы. – 2010. – Т. 20. – №1. – 101-115-бб.
9. Дюбуиссон Ева-Мари. Қазақстандағы тірі тіл: ата-баба дүниетанымының диалогтік қалыптасуы. – Питтсбург: Питтсбург университетінің баспасы, 2017.
10. Ерғали С. Айтыс туралы айтыс // Adyrna.kz. – <https://adyrna.kz> (қаралған күні: 25.03.2025).
11. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: Аруна, 2006. – 96 б.
12. Қабдешова Қ., Зекенова А., Үдербаев А., Сәтінбекова М., Мамбетов Ж. Эпикалық дәстүрлер мен қарсылық: Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларын талдау // Экогуманизм журналы. – 2024. – №3(8). – 1295–1305-бб. <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5642>
13. Қожабекова Ж., Сабитбекова М., Утарғалиева Ш. Соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан айтысы: жауынгерлік рухты дәріптеу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №4(138). – 224–235-бб. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287>
14. Мұқанов С. Айтыстар туралы // Айтыс. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1965. – 7–48-бб.
15. Мурсалимова Н., Салтақова Ж. Айтыс өнеріндегі наным-сенімдердің көрінісі // Керуен. – 2025. – 89-том. – №4. – 186–194-бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-13>
16. Пангереев А. Қазақ фольклорындағы аспан әлемі атаулары // Kazgazeta.kz. – <https://kazgazeta.kz> (қаралған күні: 25.03.2025).
17. Саудбаев М., Байымбетов Б., Кәріпов Б. Айтыс өнеріндегі әлеуметтік ақпарат алмасуы // Procedia: Әлеуметтік және мінез-құлық ғылымдары. – 2014. – 122-том. – 72–76-бб. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305>
18. Сәтінбекова М. Ауызша поэзиядан айтысқа дейін: қазақ фольклорындағы бәдік жырларының жанрлық өзгерісі // Motif Akademi халықтану журналы. – 2022. – №15(38). – 458–468-бб. <https://doi.org/10.12981/mahder.1100989>

19. Сейілова А. Жетіліктің тылсымы: үнді және түркі дүниетанымындағы көк пен жер // Egeмен.kz. – <https://egeмен.kz> (қаралған күні: 25.03.2025).
20. Тілеубердина Г., Тастемір Қ.И., Батырғалиева Г.Т. Қазіргі айтыстың тақырыптық сипаты мен көркемдік ерекшелігі // III. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2. – 200–209-бб.
21. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Өскемен: Шығыс ақпарат, 2016. – 256 б.
22. Уракова Л. Айтыс жанрының даму үдерісі және ретро айтыс туралы толғаныс // Қазіргі түркітану журналы. – 2025. – №22(2). – 246–257-бб.
23. Ыбырайым Б. Балқы Базар Оңдасұлы. Құланаян Құлмамбет. Марабай Құлжабайұлы. – Алматы: Нұрлы Пресс, 2014. – 200 б.
24. Чапраз Е. Асылық дәстүрдегі «Жер мен көк» дастандарының орындалу мәнәсініндегі қызметі туралы пайым // Селжүк университетінің Түркітану зерттеулері журналы. – 2019. – №44. – 43–56-бб. <https://doi.org/10.21563/sutad.511039>
25. Чапраз Е. Асылық дәстүрдегі «Жер мен көк» дастандарының шығу тегі туралы зерттеу // Селжүк университеті Әдебиет факультетінің журналы. – 2018. – №39. – 105-118-бб. <https://doi.org/10.21497/sefad.443364>
26. Ерланова А., Баратова М., Қадырова Б., Оразханова М., Әмренов А. Айтыс – мәдени құбылыс ретінде: тарихи дамуы және қазіргі Қазақстан үшін маңызы // Тілтану зерттеулері форумы. – 2025. – №7(3). – 863–873-бб. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8596>
27. Жалғасбаева К. Қазақстандағы интернет-айтыстың дамуы // Ұлттық фольклор. – 2024. – №18(143). – 99–110-бб. <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1316671>

References:

1. Adilbaeva Sh. Qazaq aitysyndagy aiat pen hadister [Quranic Verses and Hadiths in Kazakh Aitys]. <https://islam.kz> (Accessed: 25 March 2025). (in Kaz).
2. Akçam H., Köse S. (2022). Mitolojik ana tasavvuru bağlamında toprak // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, №15(38), ss. 389–396. <https://doi.org/10.12981/mahder.1099923> (in Turk).
3. Ahmetov Sh., Isqarov B. (1964). Aitys [Aitys]. 1-tom. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiyet baspasi. 312 p. (in Kaz).
4. Auezov M. (2014). Aitys olenderi [Aitys Poetry]. In: Sovet aqyndarynyn aitysy // Shygharmalarynyng elu tomdyq tolyq zhinary. Almaty: Däuir, Zhibek zholy. 41tom: Maqalalar, zertteuler. 1952–1961. 288 p. (in Kaz).
5. Auezov M. (2014). Sovet aqyndarynyn aitysy [Aitys of Soviet Poets]. In: Shygharmalarynyng elu tomdyq tolyq zhinary. Almaty: Däuir, Zhibek zholy, 41tom: Maqalalar, zertteuler. 1952–1961. 288 p. (in Kaz).
6. Baitursynuly A. (1989). Shygharmalary [Works]. Almaty: Zhazushy. 320 p. (in Kaz).
7. Dosmuhameduly H. (1991). Alaman [Alaman]. Almaty: Ana tili. 208 p. (in Kaz).
8. Dubuisson E.M. (2010). Confrontation in and Through the Nation in Kazakh Aitys Poetry. Journal of Linguistic Anthropology, 20/1. pp. 101-115. (in Eng).
9. Dubuisson E.M. (2017). Living Language in Kazakhstan: the dialogic emergence of an ancestral worldview. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press. 320 p. (in Eng).
10. Ergali S. Aitys turaly aitysy [Aitys About Aitys] <https://adyrna.kz> (Accessed: 25 March 2025). (in Kaz).
11. Kabdeshova K., Zekenova A., Uderbayev A., Satinbekova M., Mambetov Zh. (2024). Epic traditions and resistance: analyzing handwritten manuscripts of Zhetysay folk poets //Journal of Ecohumanism, №3(8). pp.1295-1305. <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5642> (in Eng).
12. Kozhabekova Zh., Sabitbekova M., Utargalieva, Sh. (2025). Aitys in the Western Kazakhstan during the war: glorification of the fighting spirit // Iasaui Universitetinin Habarshysy, №4 (138). pp. 224–235. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287> (in Eng).
13. Muqanov S. (1965). Aitystar turaly [About Aityses]. In: Aitys, vol. 1. Almaty: Zhazushy. pp. 7–48. (in Kaz).
14. Mursalimova N., Saltaqova Zh. (2025). Aitys onerindegi nanyim-senymderdin korinisi [The Representation of Beliefs in the Art of Aitys] //Keruen, V.89, №4. pp.186-194 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-13>

15. Pangereev A. Qazaq folklorınday aspan alemler atauları [Celestial Names in Kazakh Folklore]. <https://kazgazeta.kz> (Accessed: 25 March 2025). (in Kaz).
16. Satınbekova M. (2022). Sözlü şıırden aıtysa: kazak folklorundakı bädik şıırlerınń türsel deęışımı // Motif Akademı Halkbılımı Dergısı, №15(38), ss. 458–468. <https://doi.org/10.12981/mahder.1100989> (in Turk).
17. Saudbayev M., Bayımbetov B. Karıfov B. (2014). Social information exchange in aıtyş performances. // Procedia: Social and Behavioral Sciences, №122, pp. 72–76. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.01.1305> (in Eng).
18. Seılova A. Zhetılıktın tylsımy: undı zhane turkı tanymınday kok pen zher [The Mystery of the Sevenfold Structure: Sky and Earth in Indian and Turkic Belief Systems]. <https://egemen.kz> (Accessed: 25 March 2025). (in Kaz).
19. Tleuberdına G., Tastemır Q.I., Batırgalıeva, G.T. (2024). Thematic character and artistic specificity of contemporary aıtyş (based on the performances of Balghynbek Imashev). // Bulletin of Kokshetau University Named After Sh. Ualikhanov. Philological Series, №2. pp. 200-209. (in Eng).
20. Toyshanuly A. (2016). Turık-mongol mifologıyası [Turkic-Mongolian Mythology]. Oskemen: Shıgyş aqparat. 256 p. (in Kaz).
21. Urakova Y.L. (2025). The development process of the aıtyş genre and reflection on retro aıtyş. // Journal of Modern Turkish Studies, №22/2, ss. 246–257. (in Eng).
22. Ybyraım B. (2014). Balky Bazar Ondasuly. Qulanayan Qulmambet. Marabay Qulzhabayuly [Balky Bazar Ondasuly. Kulanayan Kulmambet. Marabay Kulzhabayuly]. Almaty: Nurly Press. 200 p. (in Kaz).
23. Yerlanova A., Baratova M., Kadyrova B., Orazkhanova M., Amrenov A. (2023). Aıtyş as a cultural phenomenon: historical development and contemporary significance for Kazakhstan // Forum for Linguistic Studies, 7/3, pp. 863–873. <https://doi.org/10.30564/Fls.V7i3.8596> (in Eng).
24. Zhalgasbayeva K. (2024). Development of internet aıtyş in Kazakhstan. // Millı Folklor, 18/143, pp. 99–110. <https://doi.org/10.58242/Millifolklor.1316671> (in Eng).
25. Zhanaidarov O. (2006). Ezhelgi Qazaqstan mıfterı [Ancient Myths of Kazakhstan]. Almaty: Aruna. 96 p. (in Kaz).
26. Çapraz E. (2019). Âşık tarzı yer ile gök destanların ın ıcrâ bağlamında işlevsellięi üzerine bıp deęerlendirme // Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergısı, №44, ss. 43–56. <https://doi.org/10.21563/sutad.511039> (in Turk).
27. Çapraz E. (2018). Âşık tarzı yer ile gök destanların ın kökeni üzerine bir inceleme // Selçuk Üniversitesi Edebiyat Fakóltesi Dergısı, №39, ss. 105–118. <https://doi.org/10.21497/sefad.443364> (in Turk).